

"Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы N 1362 қаулысы Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:
"Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы

Осы Заң мүгедектерді әлеуметтік қорғауды қамтамасыз ету үшін, олардың тіршілік қызметі мен қоғамға кірігуі үшін бірдей мүмкіндіктер туғызудың құқықтық, экономикалық және ұйымдық шарттарын айқындайды.

1-тарау. Жалпы ережелер

1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:
мүгедек - адамның тіршілік ету әрекетінің шектелуіне апаратын және осы адамды әлеуметтік қорғау қажеттілігін туғызатын аурулардан, жарақаттар немесе кемістіктер салдарынан ағза қарекеттерінің тұрақты бұзылушылығы бар адам;
мүгедектік - ағза қарекеттерінің тұрақты бұзылушылығы салдарынан адамның тіршілік етуі әрекетінің шектелу дәрежесі;
мүгедектік оңалтудың жеке бағдарламасы - мүгедекті оңалтуды жүргізудің нақты көлемін, түрлері мен мерзімдерін айқындайтын құжат;
мүгедектерді оңалтудың кешенді бағдарламасы - мүгедектерді медициналық, әлеуметтік, кәсіптік оңалту жөніндегі іс-шаралардың кепілді тізбесі;
медициналық-әлеуметтік сараптама - куәландырылатын адамның клиникалық-функционалдық, әлеуметтік, кәсіптік және психологиялық деректерін талдау негізінде ағза жағдайын кешенді бағалау, оңалтуды қоса, оның әлеуметтік қорғау шараларына қажеттілігін белгіленген тәртіппен анықтау;

дәрі-дәрмекпен емдеу - дәрілік заттарды қолданып емдеу;
медициналық оңалту - аурулар мен мүгедектердің бұзылған немесе жоғалтқан қызметтерін және денсаулығын қалпына келтіруге бағытталған әсер ету емдік шаралар к е ш е н і ;

тіршілік ету әрекетінің шектелуі - адамның өзіне өзі қызмет көрсету, өздігінен жүріп-тұру, бағдарлану, адамдармен араласу, өзінің мінез-құлқын қадағалау, оқу және еңбек қызметімен айналысу қабілетін немесе мүмкіндігін толық немесе ішінара ж о ғ а л т у ы ;

протез-ортопедиялық көмек - мүгедектерді протез-ортопедия құралдарымен қамтамасыз ету және оларды пайдалануды үйрету жөніндегі медициналық-техникалық көмектің м а м а н д а н д ы р ы л ғ а н түрі;

протез-ортопедиялық құралдар - аяқ-қол немесе дененің басқа да мүшелерінің орнына қойылатын, ауру немесе денсаулығының зақымдалуы салдарынан бұзылған немесе жойылған ағза қарекеттерін қалпына келтіретін құралдар;

мүгедектерді кәсіптік оңалту - мүгедектердің бұзылған немесе жоғалтқан кәсіптік дағдыларын, білімі мен машықтарын алуына немесе қалпына келтіруге және оларды ұсынылатын еңбек қызметінің талаптарына бейімдеуге бағытталған шаралар кешені;

кәсіптік бағдарлау - мүгедекке еңбек қызметінің түрлерін таңдауға көмек көрсетуге б а ғ ы т т а л ғ а н ш а р а л а р ж ү й е с і ;

кәсіптік оқыту (қайта оқыту) - мүгедектерге ұсынылған еңбек қызметі саласындағы білімді, дағдылар мен машықтарды меңгеру процесі;

мүгедек-бала - адамның тіршілік ету әрекетінің шектелуіне апаратын және оны әлеуметтік қорғау қажеттілігін туғызатын аурулардан, жарақаттардан, олардың салдарынан, кемістіктерден ағза қарекеттерінің тұрақты бұзылушылығына шалдыққан, денсаулығы бұзылған 18 жасқа толмаған адам;

қалпына келтіру хирургиясы - ағзаның бұзылған функцияларын қалпына келтіруге немесе орнын толтыруға бағытталған емдеудің хирургиялық әдісі;

мүгедектердің әлеуметтік-тұрмыстық және орта жағдайларына бейімделуі - өзіне-өзі қызмет көрсету, өз бетімен өмір сүру мүмкіндігіне жету немесе мүгедектердің отбасы және қоғамдық өмірдің үйреншікті жағдайына қайта оралу процесі;

мүгедектерді әлеуметтік оңалту - мүгедектердің шектеулі тіршілік әрекетін жеңуі үшін жағдай туғызуға, олардың әлеуметтік мәртебесін қалпына келтіруге, әлеуметтік-тұрмыстық және қоршаған ортаға бейімделуіне бағытталған шаралар к е ш е н і ;

арнаулы жүріп-тұру құралдары - мүгедектердің белсенді және баяу жүріп-тұруы үшін көрсетілетін техникалық көмектің түрі;

мүгедектерді жұмысқа орналастыруға арналған арнаулы жұмыс орындары - мүгедектің жеке мүмкіндіктерін ескере отырып жабдықталған жұмыс орындары;

сурдотехникалық құралдар - есту қабілетінің кемістіктерін түзеу және қалпына

келтіруге арналған, оның ішінде байланыс және ақпарат беру құралдарын күшейтетін
техникалық құралдары;

техникалық көмекші (қалпына келтіруші) құралдар - протез-ортопедиялық және
сурдо-тифло-техникалық құралдар;

тифлотехникалық құралдар - бұзылған көру функцияларын түзеуге және қалпына
келтіруге, кеңістікте бағдарлануға, жазуға және оқуға, оның ішінде Брайль бойынша
жазу және оқуға арналған техникалық құралдар;

уәкілетті мемлекеттік орган (бұдан әрі - уәкілетті орган) - халықты әлеуметтік
қорғау саласындағы басшылықты жүзеге асыратын орталық атқарушы орган.

2-бап. Қазақстан Республикасының мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы заңнамасы

1. Қазақстан Республикасының мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы заңнамасы
Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және осы Заң мен Қазақстан
Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Осы Заңның күші Қазақстан Республикасының барлық азаматтарына,
шетелдіктерге және Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын азаматтығы жоқ
адамдарға қолданылады.

3. Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық келісімдерде осы
Заңдағы ережелерден өзгеше белгіленген болса, онда халықаралық келісімнің
ережелері қолданылады.

2-тарау. Мүгедектерді әлеуметтік қорғауды мемлекеттік реттеу

3-бап. Қазақстан Республикасының мүгедектерді әлеуметтік қорғау саласындағы саясаты

Қазақстан Республикасының мүгедектерді әлеуметтік қорғау саласындағы
Қазақстан Республикасының саясаты:

- 1) мүгедектіктің алдын алуға;
- 2) мүгедектерді әлеуметтік қорғауға, оның ішінде оңалтуға;
- 3) мүгедектерді қоғамға кіріктіруге бағытталған.

4-бап. Мүгедектерді әлеуметтік қорғау қағидаттары

Қазақстан Республикасының мүгедектерді әлеуметтік қорғау саласындағы
мемлекеттік саясаты:

- 1) заңдылық, адамгершілік, адам құқықтарын сақтау;
- 2) әлеуметтік қорғаудың кепілділігі, медициналық, әлеуметтік және кәсіптік
оңалтуға қол жетуін қамтамасыз ету;
- 3) мүгедектердің білім алуға қол жеткізуі, басқа азаматтармен қатар тең құқығы
және қызмет пен кәсіп түрін еркін таңдауы;
- 4) мемлекеттік органдардың қоғамдық бірлестіктермен және мүгедектердің

құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асырушы өзге де ұйымдармен бірлесіп әрекет етуі қағидаттарының негізінде жүргізіледі.

5-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің мүгедектерді әлеуметтік қорғау саласындағы құзіреті

Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) мүгедектерді әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын әзірлейді;

2) мүгедектерді әлеуметтік қорғау және оңалту саласындағы кешенді бағдарламаларды бекітеді;

3) мүгедектерді әлеуметтік қорғау саласындағы нормативтік құқықтық актілерді шығарады;

4) мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқып жүрген мүгедектерге стипендиялар тағайындаудың және төлеудің тәртібін заңдарға сәйкес бекітеді.

6-бап. Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы уәкілетті органның құзыреті

1. Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы уәкілетті орган:

1) мүгедектерді әлеуметтік қорғау саласындағы, сондай-ақ медициналық-әлеуметтік сараптама саласындағы нормативтік-құқықтық актілердің жобаларын әзірлейді және бекітеді;

2) мүгедектерді әлеуметтік қорғау саласындағы кешенді бағдарламалардың жобаларын әзірлейді;

3) мүгедектерге әлеуметтік қызмет көрсетудің мемлекеттік стандарттарын әзірлейді;

4) мүгедектерді әлеуметтік қорғау мәселелері жөніндегі басқа да мемлекеттік органдарды әдістемелік және ұйымдық үйлестіруді жүзеге асырады;

5) медициналық-әлеуметтік сараптамамен мүгедектерді оңалтуды ұйымдастырудың және жүзеге асырудың жалпы қағидаттарын белгілейді;

6) азаматтардың денсаулығын сақтау саласындағы уәкілетті органмен келісім бойынша куәландырудың, мүгедектік себебін, тобын және еңбек ету қабілетін жоғалту дәрежесін анықтаудың, мүгедекті оңалтудың жеке бағдарламасын айқындаудың тәртібін белгілейді;

7) мүгедектерді есепке алу жүйесінің орталықтандырылған деректер банкіні қалыптастырады, мүгедектік себептерінің, құрылымының және жағдайының мониторингін жүргізеді;

8) мүгедектерді әлеуметтік оңалту саласындағы мамандардың біліктілігін арттыруды ұйымдастырады;

9) мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы заңдардың сақталуын мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады.

2. Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық

бөлімшесінің

құзыретіне:

- 1) медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізу;
- 2) мүгедектік тобын, оның себебін, мерзімін, мүгедектіктің басталған уақытын, еңбек ету қабілетін жоғалту дәрежесін, ағза қарқындылығының бұзылуы және тіршілік әрекетінің шектелуі дәрежесіне қарай "мүгедек-бала" санатын белгілеу;
- 3) мүгедектерді оңалтудың жеке бағдарламаларын әзірлеу;
- 4) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жәрдемақыларды және басқа да төлемдер мен өтемақыларды тағайындау;
- 5) мүгедектерді оңалтудың жеке бағдарламаларының іске асырылуын бақылау;
- 6) халықтың мүгедектігінің деңгейі мен себептерін зерттеу;
- 7) мүгедектерді әлеуметтік қорғау саласындағы Қазақстан Республикасы заңдарының сақталуын бақылауды жүзеге асыру.

7-бап. Азаматтардың денсаулығын сақтау саласындағы уәкілетті органның құзыреті

Азаматтардың денсаулығын сақтау саласындағы уәкілетті орган:

- 1) халықтың салауатты өмір салтын қалыптастыру, мүгедектіктің алдын алу саласындағы бірыңғай мемлекеттік саясатты жүргізеді;
- 2) диагноз қоюдың, ауруды емдеудің және оның асқынуының хаттамаларын а й қ ы н д а й д ы ;
- 3) мүгедектерді оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес мүгедектерді медициналық оң ал т у д ы жү з е г е а с ы р а д ы ;
- 4) медициналық-әлеуметтік сараптама саласындағы мамандарды кәсіптік даярлауды және қайта даярлауды қамтамасыз етеді.

8-бап. Білім беру саласындағы уәкілетті органның құзыреті

Білім беру саласындағы уәкілетті орган:

- 1) мүгедектердің заңдарға сәйкес білім алуын қамтамасыз етеді;
- 2) мемлекеттік тапсырыс немесе грант бойынша оқитын мүгедектерге шәкіртақылар мен оларға қосылатын үстемеақыларды тағайындаудың және төлеудің тәртібін заңдарға сәйкес әзірлейді;
- 3) мүгедектерді оқытуды жүзеге асыратын білім беру ұйымдарының білім беру қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді және бекітеді.

9-бап. Облыстың (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) жергілікті мемлекеттік басқару органдарының құзыреті

1. Облыстың (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) жергілікті өкілетті органдары:

- 1) мүгедектерді оңалтудың өңірлік бағдарламаларын бекітеді;
- 2) мүгедектерді оңалтудың өңірлік бағдарламаларының орындалуын бақылауды

ж ү з е г е

а с ы р а д ы .

2. Облыстың (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) жергілікті атқарушы органдары :

1) мүгедектерді оңалтудың өңірлік бағдарламаларын әзірлейді және облыстың (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) өкілетті органдарына бекітуге ұ с ы н а д ы ;

2) мүгедектерді оңалтуды жүзеге асыратын мемлекеттік ұйымдарды құрады және олардың қызметін қамтамасыз етеді;

3) осы Заңға және мүгедекті оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес мүгедектерді кәсіптік оқытуды (қайта оқытуды) ұйымдастырады;

4) мүгедектерді оңалту жөніндегі мамандардың, оның ішінде ымдау тілінің мамандарын даярлауды, қайта даярлауды және біліктілігін арттыруды ұйымдастырады;

5) осы Заңға және мүгедекті оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес тиісті аумақта медициналық, әлеуметтік, кәсіптік оңалтуды ұйымдастырады;

6) мүгедектерді оңалтудың кешенді бағдарламаларын іске асыруды қамтамасыз е т е д і ;

7) физкультура және спорт жөніндегі уәкілетті аумақтық органдармен бірлесіп мүгедектердің арасында спорттық шаралар жүргізуді ұйымдастырады;

8) мүгедектерге қайырымдылық және әлеуметтік көмек көрсетілуін үйлестіреді.

10-бап. Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті мемлекеттік басқару органдарының

құзыреті

1. Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті өкілетті органдары:

1) мүгедектерді оңалтудың өңірлік бағдарламаларын бекітеді;

2) мүгедектерді оңалтудың өңірлік бағдарламаларының орындалуына бақылауды ж ү з е г е а с ы р а д ы .

2. Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органдары:

1) мүгедектерді оңалтудың өңірлік бағдарламаларын әзірлейді және ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) өкілетті органдарына бекітуге ұсынады;

2) мүгедектерді оңалтудың өңірлік бағдарламаларының тиісті аумақта іске а с ы р ы л у ы н қ а м т а м а с ы з е т е д і ;

3) мүгедектерге қайырымдылық және әлеуметтік көмек көрсетілуін ұйымдастырады

11-бап. Мүгедектіктің алдын алу

1. Мүгедектіктің алдын алу - ерте диагностикаға, дене, ақыл-ой, психикалық, сенсорлық және басқа кемістіктерді және кемістіктің тұрақты функционалдық шектелуге немесе мүгедектікке ауысуын болдырмауға бағытталған шаралар кешені, сондай-ақ денсаулықты қорғау, адам тұратын экологиялық ортаны жақсарту, салауатты

өмір салтын қалыптастыру, еңбектің қауіпсіз жағдайларын қамтамасыз ету, өндірісте жарақаттануды болдырмау, кәсіптік аурулар деңгейін төмендету жөніндегі іс-шаралар.

2. Мүгедектіктің алдын алуды тиісті мемлекеттік органдар, жергілікті мемлекеттік басқару органдары мен жұмыс беруші Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырады.

3-тарау. Мүгедектердің құқықтары және оларды әлеуметтік қорғау

12-бап. Мүгедектердің құқықтары

Қазақстан Республикасында мүгедектер:

- 1) әлеуметтік қорғауға, қоғам өміріне әлеуметтік кірігуге;
- 2) ақпаратқа қол жеткізуін қамтамасыз етуге;
- 3) білім алуға, денсаулығының жағдайын ескере отырып, қызмет пен кәсіптің түрін е р к і н т а ң д а у ғ а ;
- 4) Қазақстан Республикасының заңдары белгілеген тәртіппен тегін кепілді м е д и ц и н а л ы қ к ө м е к к е ;
- 5) кәсіптік даярлыққа және қайта даярлыққа, еңбек ету қабілетін қалпына келтіруге ж ә н е ж ұ м ы с п е н қ а м т ы л у ғ а ;
- 6) Қазақстан Республикасының баспана заңдарына сәйкес баспанаға;
- 7) денсаулық сақтау мәдениет, байланыс, көлік, қызмет көрсету саласында бірінші кезекте қызметтер көрсету құқығын қоса, Қазақстан Республикасының Конституциясымен, Қазақстан Республикасының өзге де заң шығару актілерімен бекітілген әлеуметтік-экономикалық және жеке басының құқықтары мен бостандықтарына толық ие болады.

13-бап. Мүгедектерді әлеуметтік қорғау

Мүгедектерді әлеуметтік қорғау - әлеуметтік көмек көрсету, медициналық, әлеуметтік және кәсіптік оңалту, білім беру және олардың қоғам өміріне қатысуына өзге де азаматтармен бірдей мүмкіндіктер туғызуға бағытталған өзге де шаралар.

14-бап. Әлеуметтік көмек

Мүгедектерге көрсетілетін әлеуметтік көмек мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар мен арнаулы мемлекеттік жәрдемақы түрінде төленетін төлемдерді және Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген төлемдердің басқа да түрлерін қамтиды.

15-бап. Мүгедектерді оңалту

1. Мүгедектерді оңалту ағза қызметтерінің тұрақты ауытқулары бар денсаулығының бұзылуынан туындаған тіршілік әрекетінің шектелуін жоюға немесе мүмкіндігінше қалпына келтіруге бағытталған медициналық, әлеуметтік және кәсіптік шаралар к е ш е н і н қ а м т и д ы .

2. Мүгедектерді оңалту мүгедектерді оңалтудың кешенді бағдарламасына және медициналық-әлеуметтік сараптама негізінде белгіленетін мүгедекті оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес жүзеге асырылады.

16-бап. Мүгедектерді оңалтудың кешенді бағдарламасы

Мүгедектерді оңалтудың кешенді бағдарламасы оңалту ұйымдары мен мекемелер жүйесін дамытуды, олардың материалдық-техникалық базасын күшейтуді, мүгедектерді техникалық көмекші (қалпына келтіруші) құралдармен, арнайы жүріп-тұру құралдарымен, санаторий-курорттық емделумен қамтамасыз етуді, әлеуметтік қызметтер көрсетуді және әлеуметтік инфрақұрылым объектілеріне кедергісіз қол жеткізуді, мүгедектерді оңалту мәселелерімен айналысатын қызметкерлерді даярлауды және біліктілігін жоғарылатуды көздейді.

17-бап. Мүгедектерді оңалтудың жеке бағдарламасы

Мүгедектерді оңалтудың жеке бағдарламасы мүгедектерді оңалтудың кешенді бағдарламасына сәйкес мүгедекке тегін ұсынылатын оңалту іс-шараларымен қатар ақысын төлеуге мүгедектің өзі немесе оның еңбек жарақатына немесе кәсіптік ауруға шалдыққанына кінәлі жұмыс беруші қатысатын оңалту іс-шараларын да қамтиды.

18-бап. Мүгедектерді медициналық оңалту

1. Мүгедектерді медициналық оңалту шаралары:

- 1) қалпына келтіру терапиясын (дәрі-дәрмекпен, физикалық, санаторий-курорттық емдеу және емдеудің жоғалтқан функциялары мен денсаулығын қалпына келтіруге бағытталған басқа да әдістері);
- 2) қалпына келтіру хирургиясын;
- 3) протез-ортопедиялық көмекті қамтиды.

2. Медициналық оңалту жөніндегі іс-шараларды денсаулық, сақтау ұйымдары мен меншік нысанына қарамастан басқа да мамандандырылған ұйымдар жүргізеді.

3. Мүгедектер мен мүгедек-балаларды жеке оңалту бағдарламасына сәйкес санаторлық-курорттық емдеу Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін тәртіппен жүргізіледі.

Жұмыс берушінің кінәсінен еңбек жарақатына немесе кәсіптік ауруға шалдыққан мүгедекке, жұмыс беруші емдеу орнына және кері қарай жол шығындарын төлей отырып, санаторлық-курорттық емделуге жолдама береді.

19-бап. Мүгедектерді әлеуметтік оңалту

1. Мүгедектерді әлеуметтік оңалту:

- 1) мүгедектерді негізгі әлеуметтік дағдыларға үйрету (жеке басының гигиенасы өзіне өзі қызмет көрсету, жүріп-тұру, қарым-қатынас);
- 2) мүгедектерді техникалық көмекші (қалпына келтіру) және арнайы жүріп-тұру құралдарымен қамтамасыз ету;
- 3) мүгедектерге, оның ішінде басқа адамның күтімі мен көмегіне мұқтаж мүгедек-балаларға үйде әлеуметтік қызмет көрсету;

4) медициналық-әлеуметтік мекемелерде әлеуметтік қызмет көрсету;
5) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес құқықтық көмек көрсетілуін қамтамасыз ету;

б) мүгедектерді оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес әлеуметтік оңалтудың өзге де түрлерін қамтиды.

2. Мүгедектерді әлеуметтік оңалтуды: медициналық-әлеуметтік мекемелері (қарттар мен мүгедектерге және мүгедек балаларға арналған интернат-үйлер), қарттар мен мүгедектерге әлеуметтік қызметтер көрсету аумақтық орталықтары, әлеуметтік қызмет түрлерін үйде көрсету бөлімшелері, арнаулы білім беру ұйымдары (психологиялық-медициналық-педагогикалық түзеу) және меншік нысанына қарамастан басқа да мамандандырылған ұйымдар жүзеге асырады.

20-бап. Мүгедектерге техникалық көмекші (қалпына келтіру) құралдар мен арнайы жүріп-тұру құралдарын беру

1. Мүгедектер протез-ортопедиялық көмекпен, сурдо-тифлотехникалық құралдармен, арнайы жүріп-тұру құралдарымен (автомобильдерді қоспағанда), оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін тәртіппен қамтамасыз етіледі.

2. Жұмыс берушінің кінәсінен еңбек жарақатынан немесе кәсіптік аурудан мүгедек болған мүгедектер техникалық көмекші (қалпына келтіру) және арнайы жүріп-тұру құралдарымен жеке оңалту бағдарламасына сәйкес жұмыс берушінің қаражаты есебінен қамтамасыз етіледі.

21-бап. Үйде және аумақтық әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында әлеуметтік қызмет көрсету

1. Қозғалу қабілетінің шектелуі салдарынан өзінің негізгі өмірлік сұраныстарын өз бетімен қанағаттандыру мүмкіндігінен толығымен немесе жартылай айрылуына байланысты өзге адамдардың күтімі мен көмегіне мұқтаж жалғыздікті мүгедектерге әлеуметтік қызметті үйде көрсетуді әлеуметтік көмек бөлімшелері және қарттар мен мүгедектерге әлеуметтік қызметтер көрсетумен айналысатын аумақтық орталықтар әлеуметтік қызмет көрсетудің мемлекеттік стандарттарына сәйкес жүзеге асырады.

2. Өзін өзі күтуге және (немесе) қозғалу қабілетінің шектелуі салдарынан өзінің негізгі өмірлік сұраныстарын өз бетімен қанағаттандыру мүмкіндігімен толығымен немесе жартылай айрылуына байланысты өзге адамдардың күтімі мен көмегіне мұқтаж мүгедек-балаларға әлеуметтік қызметті үйде көрсетуді әлеуметтік көмек бөлімшелері әлеуметтік қызмет көрсетудің мемлекеттік стандарттарына сәйкес жүзеге асырады.

3. Қарттар мен мүгедектерге әлеуметтік қызметті үйде және әлеуметтік қызметтер көрсетудің аумақтық орталықтарында көрсету бюджеттік қаражат есебінен жүзеге асырылады.

22-бап. Медициналық-әлеуметтік мекемелерде әлеуметтік қызмет көрсету

1. Денсаулық жағдайы бойынша өзге адамдардың күтімі мен медициналық қызмет түрлеріне мұқтаж жалғыздікті мүгедектерге, психоневрологиялық аурулар қатарындағы мүгедектерге, мүгедек-балаларға әлеуметтік қызметтер көрсету мүгедектердің жасына, денсаулығының жағдайына сәйкес бейінделген қарттар мен мүгедектерге арналған интернат-үйлерінде жүзеге асырылады және оларға тіршілік ету жағдайларын туғызу, күтіммен қамтамасыз ету, медициналық қызметтер көрсету, оңалту, әлеуметтік-еңбекпен бейімдеу, демалыс пен бос уақыттарын ұйымдастыру к і р е д і .

2. Медициналық-әлеуметтік мекемелерде тұратын азаматтарға әлеуметтік қызметтердің көлемі мемлекеттік стандарттарға сәйкес көрсетіледі.

3. Медициналық-әлеуметтік мекемелерде әлеуметтік қызметтер көрсету бюджеттік қаражат есебінен жүзеге асырылады.

23-бап. Мүгедектердің әлеуметтік инфрақұрылым объектілеріне қол жеткізуін қамтамасыз ету

1. Жергілікті атқарушы органдар:

мүгедектердің (кресло-арбалар мен жетекші-иттерді пайдаланатындарды қоса) тұрғын үй, қоғамдық және өндірістік ғимараттарға, құрылыстар мен үй-жайларға қол жеткізуін, қоғамдық көлікпен (мүгедектер мұқтаж құралдарын қоса) және көлік коммуникацияларымен, байланыс және ақпарат құралдарымен және әлеуметтік инфрақұрылымның өзге де объектілерін кедергісіз пайдалануына жағдай туғызуды;

мүгедектерге немесе құрамында мүгедектер бар отбасыларға берілетін тұрғын үй-жайларды мүгедектерді оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес арнайы және бейімделген құралдармен жабдықтауды қамтамасыз етеді.

2. Тұрғын үй-азаматтық және коммуналдық нысандағы объектілерді пайдалануға қабылдау жөніндегі мемлекеттік қабылдау комиссиясы құрамына халықты әлеуметтік қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі өкілінің қатысуынсыз тапсыруға жол берілмейді.

24-бап. Мүгедектердің мәдени-көріністік ұйымдарға және спорт ғимараттарына қол жеткізуін қамтамасыз ету

Жергілікті атқарушы органдар мүгедектерге дене шынықтыру және спортпен шұғылдану үшін мәдени-көріністік ұйымдар мен спорт ғимараттарына еркін қол жеткізуіне және пайдалануына, сондай-ақ арнайы спорт керек-жарақтарын беруге жағдай туғызуды қамтамасыз етеді.

I, II топтағы мүгедектер және 18 жасқа дейінгі мүгедек-балалар жоғарыда санамаланған қызметтерді бюджеттік қаражат есебінен, ал III топтағы мүгедектер аталған қызметтер құнының 50 пайызын төлеп пайдаланады.

25-бап. Ақпарат пен коммуникацияларға қол жеткізу

1. Мүгедектердің ақпаратқа қол жеткізуі ақпараттық бағдарламалардың сурдоаудармасын Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес ұйымдастырумен қамтамасыз етіледі.

2. Аудандардың (қалалардың) жергілікті атқарушы органдары шешімімен мүгедектерге қызметтер көрсетуге бағытталған мекемелер орналасқан жерлерде, сондай-ақ халық көп жерлерде синхрондық дыбыс дабылдатқышы бар арнаулы бағдарламалар, дыбыс қондырғылары қойылған жол белгілері мен жол сілтегіштер орналастырылады.

3. Жеке қарым-қатынас құралы ретінде ымдасу пайдаланылады, ол сондай-ақ саңырау және нашар еститін балаларға арналған білім беру ұйымдарының оқу бағдарламасында да қолданылады.

26-бап. Білім алуы және мектепке дейінгі тәрбие алуы үшін мүгедектерді қажетті жағдайлармен қамтамасыз ету

1. Мүгедектерге тегін жалпы орта білім алуға кепілдік беріледі.

2. I, II топтағы мүгедектер мен мүгедек-балалар үшін орта кәсіптік және жоғары кәсіптік білім беру ұйымдарына оқуға түскен кезде Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген мөлшерде квота көзделеді.

3. Бюджеттік қаржыландыру, білім беру гранттары мен несиелері арқылы тегін мемлекеттік білім алу конкурсына қатысқан кезде бірдей көрсеткіштер болған жағдайда, медициналық-әлеуметтік сараптаманың қорытындысы бойынша тиісті білім ұйымдарында оқуға қарсы айғақтамалары жоқ, I және II топтағы мүгедектерге, мүгедек-балаларға басымдықты құқық беріледі.

4. Мемлекеттік тапсырыс немесе грант бойынша жоғары оқу орындарында оқып жүрген, орта кәсіптік оқу орындарында оқитын мүгедектерге шәкіртақымен қамтамасыз ету жөніндегі жеңілдіктер Қазақстан Республикасы заңдарына сәйкес беріледі.

5. Жалпы үлгідегі мектепке дейінгі ұйымдарда және жалпы орта білім ұйымдарында болуына денсаулық жағдайы мүмкіндік бермейтін мүгедек-балалар үшін балалар бақшалары мен басқа да арнайы түзеу ұйымдары Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен құрылады.

6. Жалпы немесе арнаулы мектепке дейінгі ұйымдарда және басқа оқу орындарында тәрбиелеу мен оқытуға денсаулық жағдайының мүмкіндігі болмаса ата-анасының немесе заңды өкілдерінің өтінішін ескеріп, тәрбиелеу мен оқыту үйде жүргізіледі.

7. Мүгедектерді, бала жасынан мүгедектерді және мүгедек-балаларды олар білім алған кезеңде ұстау шығыстарын толық немесе ішінара мемлекет жүзеге асырады.

27-бап. Мүгедектерді кәсіптік оңалту

1. Мүгедектерді кәсіптік оңалту:
 - 1) кәсіптік бағдарлауды;

2) кәсіптік оқытуды (қайта оқыту);

3) жұмысқа орналастыруды қамтиды.

2. Кәсіптік бағдарлауды халықты әлеуметтік қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшелері жүзеге асырады.

3. Мүгедектерді кәсіптік оқытуды (қайта оқытуды) білім беру қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасы белгілеген тәртіппен алған лицензия негізінде жүргізетін ұйымдар жүзеге асырады.

28-бап. Мүгедектердің жұмыспен қамтылуын қамтамасыз ету

Жергілікті атқарушы органдар мүгедектерді жұмыспен қамтуды:

1) мүгедектер үшін жұмыс орындары жалпы санының үш пайызы мөлшерінде квота белгілеу;

2) жеке кәсіпкерлік, шағын және орта бизнесті дамыту арқылы мүгедектер үшін қосымша жұмыс орындарын құру;

3) мүгедектерді жұмысқа орналастыру үшін арнайы жұмыс орындарын құру;

4) мүгедектерді кәсіптік оқытуды ұйымдастыру арқылы қамтамасыз етеді.

29-бап. Мүгедектердің еңбек қатынастары саласындағы құқықтары

I және II топтағы мүгедектер үшін аптасына 36 сағаттан аспайтын жұмыс уақытының қысқартылған ұзақтығы белгіленеді, жыл сайын ақы төленетін, ұзақтығы 15 жұмыс күнге дейін қосымша демалыс беріледі.

Түнгі уақыттағы жұмыс мүгедектердің келісімімен және егер осындай жұмыс оның денсаулық жағдайы бойынша тыйым салынбаған болса ғана рұқсат етіледі.

Еңбек шартын жасасудан не қызметте өсіруден бас тартуға, жұмыс берушінің бастамасы бойынша жұмыстан босатуға, мүгедектік себептері бойынша оның келісімінсіз мүгедекті басқа жұмысқа ауыстыруға, тек халықты әлеуметтік қорғау саласындағы атқарушы органның аумақтық бөлімшесінің қорытындысы бойынша оның денсаулығының жағдайы кәсіптік міндеттерді атқаруға кедергі болған не басқа адамдардың денсаулығы мен қауіпсіздігіне қауіп туғызған жағдайларды қоспағанда жол берілмейді.

4-тарау. Жұмыс берушінің мүгедектерді әлеуметтік қорғауға қатысуы

30-бап. Әлеуметтік инфрақұрылым объектілеріне қол жеткізуді қамтамасыз ету жөніндегі жұмыс берушінің міндеті

Жұмыс берушінің кінәсінен еңбекте мертліккен немесе кәсіптік ауруға шалдыққан мүгедектердің өндірістік ғимараттарға, құрылыстар мен үй-жайларға қол жеткізуі үшін,

жұмыс беруші жұмыс орындары мен жұмыс үй-жайларын жобалау және ыңғайлау арқылы жағдай жасауды қамтамасыз етеді, үй-жайларын арнайы құралдармен және құрылғылармен мүгедекті оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес жабдықтайды.

31-бап. Мүгедектерді жұмыспен қамту және кәсіптік оңалту саласындағы жұмыс берушінің міндеті

Жұмыс беруші өз қаражаты есебінен, осы Заңға сәйкес жұмыс берушінің кінәсінен еңбекте мертліккен және/немесе кәсіптік ауруға шалдыққан мүгедектерді кәсіптік оқытуды немесе қайта оқытуды, оларды жұмысқа орналастыру үшін арнаулы жұмыс орындарын құруды қамтамасыз етеді.

32-бап. Әлеуметтік қорғаудың жұмыс беруші көрсететін қосымша шаралары

Жұмыс беруші өзінің меншікті қаражаты есебінен мүгедектерді әлеуметтік қорғаудың қосымша шараларын көздей алады.

33-бап. Мүгедекке келтірілген зиянды өтеу жөніндегі жұмыс берушінің міндеті

Жұмыс берушінің кінәсінен еңбекте мертлігуі немесе кәсіптік ауруға шалдығуынан мүгедектерге келтірілген зиянды өтеу Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

5-тарау. Мүгедектердің қоғамдық бірлестіктері

34-бап. Мүгедектердің қоғамдық бірлестіктерді құру құқығы және олардың өкілеттігі

1. Мүгедектердің қоғамдық бірлестіктері мүгедектерді әлеуметтік қорғаумен байланысты проблемаларды шешуге, сондай-ақ тиісті іс-шараларды қаржыландыруға қ а т ы с а д ы .

2. Орталық және жергілікті атқарушы органдар мүгедектердің мүдделеріне қатысты шешімдерді даярлау және қабылдау кезінде мүгедектердің қоғамдық бірлестіктерімен және олардың уәкілетті өкілдерімен бірлесіп қызмет етеді.

3. Мүгедектер ұйымдары мүгедектерді әлеуметтік қорғау жөніндегі мемлекеттік с а я с а т т ы қ а л ы п т а с т ы р у ғ а :

1) мүгедектердің құқықтарын және заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі орталық және жергілікті атқарушы органдарға, соның ішінде мүгедектерді оңалтудың кешенді және өңірлік бағдарламаларын әзірлеу кезінде ұсыныстар енгізу;

2) әлеуметтік қызметтердің тиісті түрлерін көрсетудің тиімділігін бағалауға қатысу;

3) мүгедектерді әлеуметтік қорғау мәселелері жөніндегі әзірленетін нормативтік құқықтық актілерге ұсыныстар енгізу;

4) заңнамада тыйым салынбаған өзге де әдістер арқылы қатысуға құқылы.

6-тарау. Осы Заңның сақталуын бақылау

35-бап. Мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы заңдардың сақталуын бақылау

Мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы заңдардың сақталуын бақылауды халықты әлеуметтік қорғау саласындағы уәкілетті орган және оның аумақтық бөлімшелері жүзеге асырады.

36-бап. Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы уәкілетті органның және оның аумақтық бөлімшелерінің мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы заңнаманың сақталуын бақылауды жүзеге асыру жөніндегі

құқықтары

Мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы заңдардың сақталуын жүзеге асыратын халықты әлеуметтік қорғау саласындағы уәкілетті орган және оның аумақтық бөлімшелері:

1) ұйымдарда мүгедектерді әлеуметтік қорғау саласындағы заңдардың сақталуы бойынша тексеру жүргізуге;

2) жұмыс берушілерден және кез келген ұйымдық-құқықтық нысандағы ұйымдардан осы Заңның орындалуы туралы тиісті құжаттар мен өзге де ақпараттарды сұратуға және алуға;

3) мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы заңдар саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарауға осы Заңды бұзушылықтарды жою туралы жазбаша ұйғарым беруге құқылы.

7-тарау. Қорытынды ережелер

37-бап. Осы Заңды бұзғаны үшін жауаптылық

Осы Заңды бұзған жеке және заңды тұлғалар Қазақстан Республикасы заңдарына сәйкес жауапты болады.

38-бап. Осы Заңды күшіне енгізу

Осы Заң 2005 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті